

Академияда офицерлер қанат қақты.

Өткен сенбіде, 6 маусымда Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында салтанатты іс-шаралар аталып өтті.

Алаштың аяулы азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР ішкі істер министрі, генерал-лейтенант (II рангілі ішкі қызмет генерал-лейтенанты), ІІМ еңбек сіңірген қызметкері Шырақбек Қабылбаевтың мүсінін, мемориалдық тақтасын, мұражай ашуын, оқу ордасының Туын табыс ету және күндізгі оқыту факультеті тыңдаушыларының жыл сайынғы кезекті оқу бітіру салтанатты рәсімдері өткізілді. Оқу ордасының үрмелі аспаптар оркестрінің орындауында салтанатты рәсім ашылды.

Салтанатты рәсімге «Генералдар кеңесі» РҚБ Президиумының төрағасы, әділет генерал-майоры, профессор, академик Қайдаров Рүстем Есімханұлы, Қазақстан Республикасы ІІМ Қылмыстық - атқару жүйесі комитетінің төрағасы әділет генерал – майоры Бердалин Бауржан Маратұлы, Қостанай облысы әкімінің орынбасары Дәрібаев Мұрат Аманкелдіұлы, Тәжікстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі ішкі қызмет генерал – майоры Джумахон Футурович Футуров, Шырақбек Қабылбаевтың Алматы және Семей қалаларынан келген ағайын – туыстары, құқық қорғау органдарының басшылары, Академия ардагерлері, Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орындарының (бұдан әрі - ЖОО) бастықтары, Қостанай қ. ЖОО ректорлары шақырылды.

Іс - шараға келген құрметті қонақтар, Шырақбек Қабылбаев халықтың құрметіне бөленген, ұзақ жылдар бойы адал, ерен еңбек еткен тұлғаның өмірі мен қызметінің тұнып тұрған тарихына, оның еңбегі жас ұрпақтар үшін әрдайым үлгі-өнеге екендігін айтты. Сол кездегі дүрбелең, қазан төңкерісі, азамат соғысы, атыс пен шабыс, өкімет тарапынан халыққа жасалған озбырлық – осының бәрі жана ғана ер жетіп келе жатқан жас жігітті сергек, қырағы, сак болуға үйреткен, заманның қиындығымен желіне қарсы тұра жүріп, ол өзін келешекте жауапты мемлекеттік істерді ойдағыдай орындауға әзірлей білді. Ол барлық қиыншылықтарды көзімен көріп, барлығын жеңе білген ер азамат.

Шырақбек Қабылбаевтың жиені, Қазақстанның құрметті архитекторы Ғалым Исабаев: «Ш.Қабылбаевтың бастамасы бойынша Қазақстанның ІІМ ведомстволық оқу орындары құрылды. 1956 жылғы маусым айында Алматыда Алматы арнайы орташа милиция мектебі (бүгінгі таңда *ҚР ІІМ Алматы академиясы*), ал 1969 жылы 10 қазан айында Қарағанды қаласында КСРО ІІМ жоғары мектебі (бүгінгі таңда *Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы*) ашылды. Павлодар қаласында орта және басшылық құрамдардың облыс аралық милиция мектебін, Теміртау, Шымкент және Қостанайда (1969 жылы) қалаларында облысаралық оқу орындарын ашты. Облысаралық мектептер базасының милиция оқу пунктерінде республикадағы ішкі істер органы мен қылмыстық-атқару жүйесі үшін кадрларды даярлайтын

қазіргі жоғары оқу орны - Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы пайда болды. Бүгінгі қуанышты іс-шараның ашылуына орай, барлық ағайын – туыстардың атынан Қостанай академиясының мұражайына домбыра тарту етті. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы ІІМ, Қостанай облысының Әкімдігіне, Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай облысының ІІД, Академия бастығы М.Қызыловқа жеке алығысын білдіріп, жұмыстарына жеміс пен табыс тіледі».

Осы мерекелі күні Шырақбек Қабылбаевты өмірінде екі рет көріп, тарихи тұлғаның өмірі мен қызметтік жолдарының деректерін зерттеп, зерделеп, таныған танымал тарихшы – зерттеуші Болатбек Насенов, оның төзімділігін, парасаттылығын, адамгершілігін, байсалды, сабырлы қасиеттерін атап өтті. Министр болып қызмет атқарған жылдары ол ішкі істер буынының барлық саласында тәрбие жұмысын жақсартуды қолға алды.....», деп сөзін тәмамдады.

Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов: «2014 жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1287 қаулысымен мәңгі есте қалдыру мақсатында ІІМ Қостанай академиясына Шырақбек Қабылбаевтың есімі берілді. Болашақ тәртіп сақшыларының санасына «Туған жеріңді қастерле, оның отына күй» деген ұғымды сіңіріп, әр азаматтың туған жерін көздің қарашығындай сақтай білуге тиіс екендігін түсіндіру біздің парызымыз. Ұрпаққа үлгілі із қалдырған, Отан мен ел мүддесін қорғай білген, генералдың есімімен аталатын білім ордасының абыройын асқақтату, өнегелі ісімізді жүзеге асыру керек.

Елбасының «Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр – қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр – қайрат керек, яғни Елімізге бойына ата – бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егеменді елімізге аянбай қызмет ететін, ой – өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты азаматтар қажет» деген сөзі ойға оралады. Оқу ордасының тыңдаушылары Шырақбек Қабылбаевтың кәсіби тәжірибесі мен Отанға адал қызмет ету парызымен борышын мүлтіксіз орындайтындығына кәміл сенемін», деді.

Ескерткіштің ашылу рәсімі Рүстем Қайдаровқа, Бауржан Бердалинге, Мұрат Дәрібаевқа, Ғалым Исабаевқа және Мирлан Қызыловқа берілді. Содан кейін, Шырақбек Қабылбаевты еске алып, бір минут үнсіздікпен құрметтеліп, ескерткішке гүл шоқтары қойылды.

Ескерткіштің ашылу рәсімінен кейін, ішкі қызмет генерал – лейтенанты Шырақбек Қабылбаевқа арналған мұражайды ашу рәсімі басталды. Баршамызға мәлім, мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Ол өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді. Мұражайды ашу рәсімі ҚР ІІМ ҚАЖК төрағасы әділет генерал – майоры Бауржан Бердалинге және ҚР ІІМ Қостанай облысы ІІД бастығы полиция генерал – майоры Тлеген Маткеновке берілді. Оқу ордасы басшылығының табанды еңбегінің арқасында, балалық шағынан бастап ерен еңбек еткен жылдарымен тарихи деректерге толы тамаша стендтер барша жұртты таң қалдырды. Сондай - ақ, құрметті қонақтар оқу ордасының құрметті қонақтарына арналған кітабына өздерінің пікірлерін жазып, еске қалдырды.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына арналған мерейтойының тарихи жылында ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына Ту табыс етілді. Туды Қазақстан Республикасы ІІМ ҚАЖК төрағасы әділет генерал-майоры Бауржан Бердалин Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызыловқа табыс етті.

Полиция полковнигі Мирлан Қызылов: «Ту – мемлекеттің абыройы мен беделі. Академияның Туын қастерлі аманат ретінде қабылдай отырып, бізге артқан сенімдеріңізді ақтауға, білім мен тәрбиенің барлық салаларынан алда болуға, мемлекетімізді гүлдендіруге, Академияның мәртебесін биікке көтеруге, өз үлесімді қосамын», деді.

Сондай-ақ, Қостанай академиясының қабырғасында дәстүрлі үлкен мереке Академияның бітіруші түлектеріне диплом тапсыру, алғашқы арнаулы «полиция лейтенанты» атағын беру.

Оқу ордасында төрт жыл бойы білім нәрін алып, ішкі істер органының қызметкері ретінде танылып, ендігі жолда оқу ордасында иеленген жан-жақты білімдерін қызмет бабында шебер қолданатын түлектерге құрметті қонақтар дипломдарды табыс етіп, оларға сәттілік тіледі.

Полиция полковнигі Мирлан Қызылов: «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығына сәйкес Сіздерге алғашқы арнаулы полиция лейтенанты атағы берілді. Бүгінгі таңда, ҚР Ішкі істер органдарының болашақ офицерлеріне, ерекше жауапкершілік жүктелген, себебі барлық уақытта да полиция офицерлері адамгершілік пен өздерінің қызметтік парызымен борышына жан тәнімен берілгендіктің үлгісі ретінде болды. Алған білімдеріңді одан әрі жетілдіріп, қызмет бабында қолданып, Қазақстан Республикасы азаматтарының заңды құқықтарын қорғайтындарына сенімдімін. Сіздер оқу орнының өміріндегі маңызды оқиғаның куәгерісіздер, өйткені Академияға мемлекет, қоғам қайраткері, ішкі істер министрі, генерал-лейтенант Шырақбек Қабылбаевтың есімі берілді. Алғашқы қадамдарына сәттілік, Егеменді еліміздің мерейін арттыратын жетістіктермен жеңістерге жете беріңіздер» деді.

Салтанатты рәсімдердің соңында, карабинщиктер взводы, барабинщиктер взводы өздерінің көріністерін көрсетті, ал оқу ордасының түлектері «Офицерлер вальсін» тарту етті.

Сіздерге қанаттарыңыз талмай, биіктерге самғап, өмірге үлкен қадам басуларыңмен, алғашқы арнаулы «полиция лейтенанты» атағы алумен шын жүректен құттықтаймын.

Орынбасар Уақпаева
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
баспасөз қызметінің
баспасөз хатшысы

